

Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып алу жүйесін дамытудың 2001-2004 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 10 желтоқсан N 1605

Мемлекеттік органдардың өзге де мемлекеттік мекемелердің, мемлекеттік кәсіпорындардың және акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың тауарларды, жұмыстарды және қызметтер көрсетуді сатып алуға бөлетін қаражатының тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету

мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып алу жүйесін дамытудың 2001-2004 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 10 желтоқсандағы
N 1605 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып алу
жүйесін дамытудың 2001-2004 жылдарға
арналған бағдарламасы

1. Бағдарламаның паспорты

Бағдарламаның атауы Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып
алу жүйесін дамытудың 2001-2004 жылдарға
арналған бағдарламасы

Негізгі әзірлеуші Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік сатып алу жөніндегі комитеті

P011319_

қаулысымен мақұлданған Мемлекеттік

сатып алу жүйесін дамытудың 2001-2004 жылдарға арналған тұжырымдамасында анықталған орта мерзімді перспективада Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып алу жүйесін дамытудың одан арғы жолдарын іске асыру үшін өзара байланысты ұйымдастырушылық, құқықтық және институционалдық іс-шаралар кешенін жүргізуді анықтайды.

Бағдарламаның ережелерін іске асыру жөніндегі қызметтің негізгі бағыттары:

мемлекеттік сатып алудың нормативтік құқықтық базасын жетілдіру, уәкілетті органды институционалдық нығайту, мемлекеттік сатып алу жүйесінде қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалану, мемлекеттік сатып алу жүйесінде жұмыс істеу үшін кадрларды даярлау, электрондық сауда жүйесін құруға және енгізуге дайындық

Іске асыру мерзімі Орта мерзімді, 2001-2004 жылдар

Бағдарламаны қаржыландыру Республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты; оны іске асыруға қатысқан мемлекеттік кәсіпорындардың және акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың, олармен келісім бойынша қаражаттары

Күтілетін нәтижелер Мемлекеттік қаражатты үнемдеу мақсатында бюджеттің шығыс бөлігін жоспарлаудың және жалпы басқарудың тиімділігін арттыру;

мемлекеттік сатып алу процесінде құқық
бұзушылықтарды төмендету;
мемлекеттік сатып алу процесінің айқындылығын
арттыру;
мемлекеттік сатып алу саласындағы мамандардың
біліктілік деңгейін арттыру

2. Кіріспе

Осы Бағдарлама Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 25 шілдедегі N 09-10/3 тапсырмасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 12 қазандағы N 1319 қаулысымен мақұлданған Мемлекеттік сатып алу жүйесін дамытудың 2001-2004 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес әзірленген. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып алу процестерін реттейтін институционалдық және нормативтік құқықтық база құрылған. Мемлекет мұқтаждары үшін сатып алуды жүзеге асыру рәсімдері нормативтік құқықтық кесімдердің қалыптасқан жүйесімен, соның ішінде "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Z970163_ Заңымен реттеледі. Мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың талаптарын ескере отырып, тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді сатып алуды ұйымдастыру бюджет қаражатының жұмсау тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Осы Бағдарлама орта мерзімді перспективада Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып алу жүйесін дамытудың одан арғы жолдарын мемлекеттік сатып алу көлемін елеулі арттыру және олардың еліміздің экономикасына әсерін күшейту, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы мемлекеттік мекемелердің, сондай-ақ акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді өздерінің иелігіндегі ақшаның есебінен сатып алуына қолдану тұрғысынан іске асыру үшін өзара байланысты ұйымдастырушылық, құқықтық және институционалдық іс-шаралар кешенін жүргізуді анықтайды.

3. Мемлекеттік сатып алу саласындағы қазіргі кездегі жағдайды талдау

Мемлекеттік сатып алу жүйесін қалыптастыру жөніндегі алғашқы қадамдарын Қазақстан Республикасының Үкіметі алғашқы рет мемлекеттік сатып алуды жүргізудің нақты рәсімдері көзделген "Қазақстан Республикасында тауарларды (жұмыстарды,

қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алу туралы" 1996 жылғы 13 мамырдағы N 586 P960586_ және "Аймақтардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырудың тәртібі туралы үлгі ережені бекіту туралы" 1996 жылғы 24 шілдедегі N 925 P960925_ қаулыларын қабылдау арқылы жасады. Осы қаулылардың қалыптарын қолданумен бірқатар республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері үшін өнімдерді орталықтандырылған сатып алу бойынша бірінші конкурстар ұйымдастырылды. Осылайша, 1997 жылы 9 млрд. теңгеден астам сомаға тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді сатып алу жүргізілді, бұл ретте жүргізілген конкурстар бойынша бюджет қаражатын үнемдеу шамамен 210 млн. теңгені құрады. Сатып алудың жалпы көлемінде республикалық бюджет қаражатының үлесі 61%, жергілікті бюджеттердің үлесі тиісінше 39% құрады.

Сонымен қатар, жоғарыда көрсетілген қаулыларда мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың тек жалпы сызбалық көзқарастары ғана негізделді. Мемлекеттік сатып алу саласы тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу жөніндегі рәсімдерді республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асыратын неғұрлым нақты ережелерді белгілейтін құқықтық және экономикалық қарым-қатынастарды заңнамалық реттеуге мұқтаж болды. Осыған байланысты, 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Z970163_ Заңы қолданысқа енгізілді.

Заң жобасын әзірлеу кезінде Үкіметте жергілікті және шетел консультанттарымен бірлесе отырып, мемлекеттік сатып алу саласындағы әлемдік тәжірибе талданды, Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық сауда жөніндегі комиссиясының (ЮНСИТРАЛ), Дүниежүзілік Сауда Ұйымының үлгі заңдары, Дүниежүзілік Банктің және басқа да ұйымдардың материалдары зерделенді.

Осы Заңмен мемлекеттік сатып алу жүйесін қалыптастырудың мынадай негізгі ба с ы м д ы қ т а р ы а н ы қ т а л д ы :

республикалық және жергілікті бюджеттердің, сондай-ақ бюджеттен тыс қорлардың қ а р а ж а т ы н о ң т а й л ы ж ұ м с а у ;

ұйымдастыру-құқықтық нысандарына, меншік нысандарына және мемлекеттік қатынастығына қарамастан, барлық өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуға қатысуы үшін тең мүмкіндіктермен қамтамасыз ету;

тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді өнім берушілердің арасында адал бәсекелестікті дамыту;

мемлекеттік сатып алу процесінің айқындылығы және ашықтығы.

Бұдан басқа, Заңда мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік органдардың құзыреті белгіленді, оларды жүзеге асыру рәсімдері мен тәсілдері анықталды, сондай-ақ қорғаныстың, құқықтық тәртіптің және ұлттық қауіпсіздіктің қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін сатып алудың ерекше шарттары көзделді. Заңда сатып алу

процесіне бақылау орнатуға, оларды есептеуді ұйымдастыруға және мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілікті белгілеуге ерекше назар бөлінді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 19 ақпандағы N 119 P980119_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998-2000 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарына сәйкес мемлекеттік сатып алу жөніндегі өкілеттіктерді орталықтан жергілікті атқарушы органдарға бере отырып, бірыңғай әдіснамалық көзқарас негізінде мемлекеттік сатып алуды орталықсыздандыру жүргізілген болатын. Орталықтандырылған мемлекеттік сатып алуды уәкілетті орган тек неғұрлым маңызды және ерекше ірі тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді сатып алуға қатысты ғана жүзеге асыра б а с т а д ы .

Мемлекеттік мекемелер 1998 жыл ішінде республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді 61,3 млрд . теңге сомасына жүргізді, сатып алу көлемі 33,6 млрд. теңге шамамен 3,2 мың конкурс өтті, бұл ретте өткізілген конкурстардан бюджет қаражатының шартты үнемделуі 3,1 м л р д . т е ң г е н і к ұ р а д ы .

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Заң енгізілген сәттен бастап, оның ережелерін іс жүзінде қолдану ондағы бірқатар дәлсіздіктерді анықтады, ал конкурстар өткізудің жинақталған тәжірибесі сатып алу рәсімдерін одан әрі жетілдіруді, сондай-ақ уәкілетті органның рөлін өзгертуді талап етті.

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңға 1998 жылдың соңында енгізілген өзгерістермен мемлекеттік сатып алу жөніндегі уәкілетті органда конкурсты ұйымдастырушының функциясы алынып тасталды, конкурс нысаны ретінде сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтер көрсету бойынша бағалардың төмендеуіне аукцион жойылды, отандық тауар өндірушілерді қолдау шаралары көзделді, шарттардың орындалуын қамтамасыз ету енгізілді, бірқатар рәсімдік м ә с е л е л е р н а қ т ы л а н д ы .

Мемлекеттік сатып алу саласында әкімшілендіруді жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 14 желтоқсандағы N 4173 Жарлығымен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі құрылды.

"Мемлекеттік сатып алу туралы" 1999 жылғы 29 қарашадағы Заңға өзгерістер енгізілуімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде шағын кәсіпкерлік субъектілерін қолдау шаралары заңды түрде бекітілген болатын.

1999 жылы мемлекеттік сатып алу көлемі 91,9 млрд. теңгені, оның ішінде жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен 53,2 млрд. теңгені немесе мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен сатып алу көлемінің 57,9%-ын құрады. Осы жылғы сатып алу көлемі 51,5 млрд. теңгеге 4,5 мың конкурс өткізілді, бұл ретте бюджет қаражатының шартты үнемделуі 1,4 млрд. теңгеге өсті және 4,5 млрд. теңгені құрады.

2000 жыл үшін мемлекеттік сатып алу көлемі 86,9 млрд. теңгеге немесе 1999

жылмен салыстырғанда 94,5%-ға өсті және 178,8 млрд. теңгеге жетті, бұл ретте сатып алудың жалпы көлемінде республикалық бюджет қаражатының үлесі 35,6%-ды, тиісінше жергілікті бюджеттердің үлесі 64,4%-ды құрады. Осы жылда сатып алу көлемі 100,9 млрд. теңгеге 5,9 мың конкурс өткізілді. Бұл ретте бюджет қаражатын үнемдеу осы уақытта елеусіз ғана өскенін атап өту қажет - 1999 жылғы 4,5 млрд. теңгеден 2000 жылы 5,1 млрд. теңгеге дейін.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып алу жүйесін реформалау нәтижелерін Дүниежүзілік Банктің, Азия Даму Банкінің және басқа да халықаралық ұйымдардың сарапшылары оң бағалады. Тұтастай алғанда, Қазақстанда мемлекеттік сатып алу жүйесін дамыту жөніндегі жұмыстарды оң бағалай отырып, сарапшылар мемлекеттік сатып алу жүйесінің тиімділігін арттыру Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып алуды реттеу, болжамдау және әкімшілендіру үшін құқықтық және институционалдық базаны күшейтумен бірге жүруі тиіс деп санайды.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдарын қайта ұйымдастыру, тарату және құру туралы" 2000 жылғы 13 желтоқсандағы N 507 U000507_ Жарлығына сәйкес мемлекеттік сатып алу жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан

Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі комитеті болып табылады.

Мемлекеттік сатып алу жөніндегі комитет мемлекеттік сатып алуға 1997 жылдан бастап 2001 жылдың бірінші жартыжылдығын қоса ала талдау жүргізді.

Кесте: 1997 жылдан бастап 2000 жылдың бірінші жартыжылдығын қоса алғандағы мемлекеттік сатып алу саласының негізгі көрсеткіштері.

	1997 ж.	1998 ж.	1999 ж.	2000 ж.	2001 ж.
	6 ай				
Сатып алудың жалпы көлемі, млрд. теңге	9	61,3	91,9	178,8	129,8
с.і. республикалық бюджет	5,5	25,2	38,7	63,7	59,9
сатып алу көлемінде республи. калық бюджеттің үлесі, %	61	41,1	42,1	35,6	46,2
Жергілікті бюджеттер, млрд. теңге	3,5	36,1	53,2	115,1	69,9

сатып алу көлемінде жергілікті бюджеттердің үлесі, %	39	58,9	57,9	64,4	53,8
Конкурстардың саны	3166	4491	5919	4504	
Конкурстар бойынша жеңім. паздардың саны	4579	6842	10591	9195	
Конкурстық негізде сатып алу көлемі, млрд. теңге	33,6	51,2	100,9	74,4	
с.і. республикалық бюджет	16,8	15,9	24,8	25,8	
Жергілікті бюджеттер	16,8	35,6	76,1	46,8	
Бағалық ұсыныстарды сұратумен сатып алу көлемі, млрд. теңге	2,9	5,8	13,0	7,14	
с.і. республикалық бюджет	0,9	1,8	4,1	3,04	
Жергілікті бюджеттер	2,0	4,0	8,9	4,1	
Бір көзден сатып алу, млрд. теңге	24,8	34,6	64,9	48,26	
с.і. республикалық бюджет	7,4	20,9	34,8	31,06	
Жергілікті бюджеттер	17,4	13,7	30,1	17,2	
Отандық берушілерден сатып алудың жалпы көлемі, млрд. теңге	56,0	89,1	171,1	125,5	
с.і. республикалық бюджет	23,9	38,0	57,1	56,2	
Жергілікті бюджеттер	32,1	51,1	114,0	69,4	
Шетелдік берушілерден сатып алудың жалпы көлемі, млрд. теңге	5,3	2,8	7,7	4,25	

с.і. республикалық бюджет	1,3	0,7	6,6	3,7	
Жергілікті бюджеттер	4,0	2,1	1,1	0,5	
Бюджет қаражатын үнемдеу, млрд. теңге	0,21	3,1	4,5	5,1	2,9
с.і. республикалық бюджет	1,5	1,3	1,2	1,1	
Жергілікті бюджеттер	1,6	3,2	3,9	1,8	
Тексеру саны:	9	37	42	21	
с.і. жоспарлы:	9	20	23		
Тапсырма бойынша	17	19			
МСК-ға түскен хаттар мен өтініштердің саны	4397	7672	3106		

Уәкілетті орган қызметінің талдауы көрсеткендей, бүгінгі таңда мемлекеттік сатып алу жөніндегі есептілік жүйесін 39 мемлекеттік мекемелер - республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімгерлері, 14 облыс, Алматы және Астана қалалары тоқсан сайын ұсынады және 104 көрсеткіштен тұрады. Деректерді өңдеу арифметикалық жинақ жолымен жүзеге асырылады және сайып келгенде, тек мемлекеттік сатып алу саласындағы үрдістер туралы жалпы түсінік қана береді, жалпы қорытындысынан бәсекелі орта, мемлекеттік сатып алу процесінде нақты мемлекеттік мекемелердің шешімдер қабылдау негізділігі көрінбейді.

Практикада жергілікті және республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мемлекеттік сатып алу көлемін, номенклатурасын және мерзімдерін жоспарлауды жақсарту жөнінде барлық қажетті шаралар қабылдамағаны көрінді, нәтижесінде тұтастай алғанда республика бойынша 2000 жылы іс жүзіндегі сатып алулар сатып алудың жылдық жоспарлы көлемінен 82 млрд. теңгеге немесе 1,9 есеге асты. Осы себеппен конкурстарды өткізу жөніндегі дайындық іс-шаралары уақытында жүргізілмеді, осының нәтижесінде уәкілетті органға түскен хаттар мен өтініштердің саны 1999 жылмен салыстырғанда 2000 жыл ішінде 1,7 есеге артты. Егер 2000 жылы

бір көзден сатып алу тәсілін келісу жөнінде 627 өтініш түссе, онда 2001 жылдың бірінші жартыжылдығында өтініштердің саны 444-ті құрады, бұл ретте әрбір өтініш егжей-тегжейлі зерделеуді талап етеді.

Уәкілетті органның негізгі функцияларының бірі мемлекеттік сатып алуды жүргізу кезінде заңнаманың сақталуын бақылауды жүзеге асыру болып табылады. Іс жүзінде барлық тексерілген тапсырыс берушілер мен ұйымдастырушылардың конкурстарында қолданылып жүрген мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзушылық фактілері т а б ы л д ы .

Өткізілетін конкурстар туралы жеткіліксіз ақпараттандырылуына байланысты ықтимал өнім берушілердің көп жағдайларда конкурстарға қатысуға алдын ала дайындалу үшін мүмкіндігі болмайды (мысалы: банкте несиені ресімдеу, ұйымдастыру және дайындық іс-шараларын жүргізу), бұл тапсырысқа үміткерлер санының жасанды түрде а за ю ы на ә к е л і п с о қ т ы р а д ы .

Қателер мен тәртіп бұзушылықтардың көпшілігін мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы нашар білуі себепті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жібереді, сондықтан уәкілетті орган уақытының елеулі ресурстары түрлі түрлердегі түсіндірулер мен консультацияларға алаңдатылады. Мысалы, мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен сатып алу көлемінде жергілікті бюджеттердің үлесі 1997 жылы 39%-дан 2000 жылы 64%-ға дейін едәуір өсті. Алайда, жергілікті бюджеттер деңгейінде мемлекеттік сатып алу көлемдерін ұлғайту мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада көзделген тиісті әдіснамалық жұмыспен, оқытумен және рәсімдердің сақталу дұрыстығын ба қ ы л а у м е н қ а т а р жү р г е н ж о қ .

Осылайша, мемлекеттік сатып алу жүйесінің соңғы үш жылғы қызметін талдау мемлекеттік сатып алудың қолданыстағы тетігінің күшті және әлсіз жақтарын бөлуге м ү м к і н д і к б е р е д і .

Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып алу жүйесінің күшті жақтарына м ы н а д а й ф а к т о р л а р д ы :

мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңнамалық және әдіснамалық базалардың бар б о л у ы н ;

уәкілетті органның білікті қызметкерлерін;

бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің мемлекеттік сатып алуды жүргізуінің жинақталған тәжірибесін жатқызуға болады.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып алу жүйесінің әлсіз жақтарына м ы н а д а й ф а к т о р л а р д ы :

конкурстарды жүргізген кезде мемлекеттік сатып алу рәсімдерін айқын регламенттеу бөлігінде нормативтік құқықтың базаның жетілдірілмеуін, сыбайлас құқық бұзушылықты ескерту және нақты бәсекелестікті қамтамасыз етуді;

мемлекеттік сатып алу көлемінің күрт ұлғаюымен уәкілетті органды, әсіресе жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріндегі жеткіліксіз ресурстық қамтамасыз

е т у д і ;

мемлекеттік кәсіпорындар мен акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың билігіндегі қаражаттардың пайдалануына бақылаудың, мониторингтің және талдаудың жоқтығын;

бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтер көрсетудің номенклатурасын және көлемдерін, оларды беру мерзімдерін жобалау сапасының төмен деңгейі;

мемлекеттік сатып алу тиімділігін талдау үшін қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалану мүмкіндігінің жоқтығын;

табиғи монополияларға жатпайтын субъектілерден бір көзден сатып алудың ақталмаған жоғары үлесі;

мемлекеттік органдар мен мекемелердің, әсіресе аймақтардағы қызметкерлерінің жеткіліксіз біліктілігін;

мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзу жағдайларын жатқызуға болады.

4. Бағдарламаның негізгі мақсаттары және міндеттері

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 1998 жылғы 28 қаңтардағы N 3834 U983834_ Жарлығына сәйкес стратегияның бірі ретінде "Салық және бюджет саясатының тиімділігін арттыру және бюджет тапшылығын инфляциялық емес түрде қаржыландыру" сияқты басымдықты іске асыру мемлекеттік шығыстарының оңтайлылығын көздейді. Мемлекет мұқтаждары үшін сатып алу мемлекеттік шығыстар құрылымында елеулі орын алатындықтан, онда көрсетілген басымдықты іске асыру жолдарының бірі мемлекеттік сатып алудың тиімділігін арттыру болып табылады.

Бағдарламаның басты мақсаты өзгертін сыртқы және ішкі жағдайларға сәйкес келетін және бірдей әрекет етуі және тиісті түрде мемлекеттік бюджеттің, мемлекеттік кәсіпорындардың және акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың билігіндегі қаражаттарын оңтайлы және тиімді жұмсауды қамтамасыз ететін мемлекеттік сатып алудың транспарентті жүйесін дамыту болып табылады.

Бағдарламаның басты мақсатының тұғырынан мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясат мынадай мақсаттарға жетуге:

нормативтік құқықтық базаны жетілдіру және мемлекеттік сатып алу жүйесін институционалды нығайтуға;

талдау, бақылау үшін уәкілетті органның бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінен уақытында ақпараттарды алуды қамтамасыз ету және оны Web-сайтта орналастыруға;

жаңа кадрларды даярлау, мемлекеттік сатып алу процесіне қатысатын мемлекеттік қызметшілердің біліктілік және жауапкершілік деңгейін арттыруға;

бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жүргізетін сатып алуларға ықтимал өнім берушілердің қол жеткізуіне тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге;

мемлекеттік сатып алуды жоспарлауды жақсартуға бағытталуы тиіс.

Қойылған мақсаттарға жету үшін мынадай мәселелерді шешу:
жаңа редакциядағы "Мемлекеттік сатып алу туралы" Z970163_ Заңды және тиісті нормативтік құқықтық кесімдерді қабылдау;

мемлекеттік сатып алудың есептілігі мен мониторингінің автоматтандырылған жүйесін, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алудың электронды агенттігі" Web-сайтын құру және қолдану;

конкурстардың тапсырыс берушілері мен ұйымдастырушыларының конкурстық комиссиялары мүшелерін, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу процесіне қатысатын мемлекеттік қызметшілерді оқытуды ұйымдастыру және аттестаттау;

мемлекеттік ақшаларды ұтымды пайдалануда бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің мүдделілігін арттыру үшін бюджеттік жоспарлау аясында нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіруге бағытталған ұсыныстарды енгізу жөніндегі жұмыстарға қатысу;

электронды сауда-саттық жүйесін құру және енгізу үшін нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын дайындауға қатысу;

аумақтық басқармаларды құра отырып, уәкілетті органды институционалдық нығайту;

"келісім-шарттық брокерлердің" (шенеуніктердің) институтын енгізу мүмкіндігін зерделеу және олардың қызметін лицензиялау үшін қажетті нормативтік кесімдердің жобаларын дайындау бірінші дәрежелі мағынаға ие.

Жоғарыда көрсетілген міндеттерді іске асыру мемлекеттік сатып алуды жүргізу кезінде тәртіп бұзушылықтардың санын азайтуға, аталған салада сыбайлас жемқорлық көріністерінің деңгейін төмендетуге, сондай-ақ бюджет қаражатының тиімділігін арттыруға және оны ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді, бұл сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтер көрсетудің көлемінен 5-10% шегінде мемлекеттік қаражатты үнемдеуге және мемлекеттік бюджет, мемлекеттік кәсіпорындардың, сондай-ақ акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың қаражаттарын оңтайлы және тиімді жұмсауды қамтамасыз ететін мемлекеттік сатып алу жүйесінің құрылуына ықпал етеді.

5. Мемлекеттік сатып алу жүйесін дамытудың негізгі бағыттары

5.1. Заңнамалық базаны жетілдіру

Қазіргі уақытта жаңа редакциясына сәйкес осы Заңның қолдану аясы мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдар

билігіндегі ақшаның есебінен жүзеге асыратын мемлекеттік сатып алуға тарату көзделген "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы әзірленген.

Бюджет қаражатын ұтымды жоспарлау және пайдалану мақсатында уәкілетті орган басқа да орталық және жергілікті органдармен мемлекеттік сатып алудан бюджет қаражатын шартты үнемдеу мәселелері бойынша тиісті нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіруге бағытталған ұсыныстар енгізу жөніндегі бірлескен жұмысқа қатысатын болады.

Қазіргі уақытта уәкілетті орган мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзғаны үшін лауазымды тұлғаларға айыппұл салу тәртібін көздейтін "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Қазақстан Республикасының Кодексіне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеуде.

Мемлекеттің мұқтаждары үшін сатып алу саласындағы әлемдік тәжірибені ескере отырып, "келісім-шарттық брокерлер" (шенеуніктер) институтын енгізу мүмкіндігін зерделеу қажет. "Келісім-шарттық брокерлер" институтын енгізу сатып алуға жауаптылардың кәсіптік деңгейін көтеруге, мемлекеттік сатып алу процесінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің мүмкіндігін төмендетуге мүмкіндік береді.

5.2. Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды енгізу

Уәкілетті орган 2001-2002 жылдар ішінде мемлекеттік сатып алу мониторингі мен есептілігінің автоматтандырылған жүйесін енгізуді жоспарлап отыр. Тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алу мониторингінің автоматтандырылған жүйесін (бұдан әрі - автоматтандырылған жүйе) енгізудің бірінші кезеңінде бюджеттік бағдарламалардың ірі әкімшілері (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтер көрсетудің көлемі бойынша) қамтылатын болады.

Бұдан әрі автоматтандырылған жүйе тұтастай алғанда аймақтар бөлінісінде және республика бойынша мемлекеттік сатып алудың мониторингін қамтамасыз етуі тиіс. Барлығы мониторингпен сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтер көрсетудің және олардың сатып алу тәсілдерінің бағасын, көлемдерін, номенклатурасын көрсете отырып, 16 200-ден астам мемлекеттік органдар, мекемелер мен кәсіпорындар қамтылуы тиіс. Бұл тапсырыс берушілер сатып алатын және ықтимал өнім берушілер ұсынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтер көрсетудің деректер қорын қалыптастыру мүмкіндігін едәуір кеңейтуге мүмкіндік береді. Уәкілетті органның бюджеттік бағдарламалардың әрбір әкімшісіне, оның құрылымдық бөлімшесі бойынша, сондай-ақ оларға есеп беруші мемлекеттік кәсіпорындар мен акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдар бойынша мемлекеттік сатып алудың мониторингін жүргізу мүмкіндігі туады.

Бұндай жағдайда тауарларға, жұмыстар мен қызметтер көрсетуге арналған бағаны

жан-жақты талдау және уақытындағы мониторинг және - мемлекеттік сатып алуды тиімді жүргізудің маңызды бағалы көрсеткіші бойынша нақты мүмкіндік туады.

Барлық қалыптасқан деректер қоры кез келген мемлекеттік орган мен мекеме немесе ықтимал өнім беруші үшін ашық болады. Ұсынылған есептілік оның шынайылығы тұрғысында камеральды және құжатты тексеріске ұшырайтын болады.

Бұдан басқа, мемлекеттік сатып алу рәсімдеріне сенімсіз (теріс пиғылды) берушілердің қатысуын болдырмау және жасасу жоспарланған мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды тиісінше орындау мақсатында, уәкілетті орган сенімсіз (теріс пиғылды) өнім берушілердің (мердігерлердің) деректер қорын құратын болады. Мемлекеттік сатып алу мониторингінің автоматтандырылған жүйесі перспективада басқа да мемлекеттік органдардың ақпарат жүйелерімен бірлесіп, мемлекеттік бюджеттің орындалуы үшін жауап беретін мемлекеттік органдардың біріктірілген ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесінің бөлігі болуы тиіс.

Қазіргі уақытта тапсырыс берушілер әр түрлі мерзімді баспа басылымдарында, оның ішінде, тек белгілі бір аймақта таратылатын азғантай таралыммен басылымдарда хабарландырулар жариялайды. Бұл ықтимал өнім берушілердің ақпарат алмағандығынан бәсекелі қорын кеңейтуге мүмкіндік бермейді. Уәкілетті органның Web-сайтындағы автоматтандырылған жүйенің ақпараты негізінде мемлекеттік сатып алу жүйесінің ашықтығын және айқындығын кеңейту мақсатында мынадай ақпаратты:

ықтимал өнім берушілерге ұйымдастырылатын конкурстарға қатысуды алдын ала жоспарлауға мүмкіндік беретін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бөлінісінде жоспарланып отырған тауарларды, жұмыстар мен қызмет көрсетулерді сатып алу т у р а л ы д е р е к т е р д і ;

тапсырыс берушілер мен ықтимал өнім берушілерге тек қана республика бойынша емес, облыстар мен аудандар бөлінісінде жүргізілетін конкурстар туралы ақпаратты алу мүмкіндігін беретін конкурстар туралы және олардың қорытындысы туралы х а б а р л а н д ы р у д ы ;

конкурстық құжаттамалар мен өтінімдерді дайындау жөніндегі әдіснамалық нұсқаулықтарды, тапсырыс берушілер мен ықтимал өнім берушілер үшін мемлекеттік сатып алуды жүргізу рәсімдерін түсіндіруді;

конкурстарды жүргізу, ұйымдастыру жөніндегі, мемлекеттік сатып алу жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдерге өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстарды жинау үшін арнаулы бөлімді орналастыру көзделетін болады.

5.3. Уәкілетті органды институционалды нығайту

Уәкілетті органды қажетті ресурстармен институционалды нығайту мемлекеттік органдар, өзге де мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік кәсіпорындар және акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдар жүзеге

асыратын мемлекеттік сатып алуды үйлестіру, оның мониторингі және бақылау жөніндегі жұмыс көлемінің едәуір ұлғайтуымен орындалуына мүмкіндік береді. Мемлекеттік сатып алуды үйлестіру, оның мониторингі және бақылау үшін жауапты құрылымдық аумақтық бөлімшелердің құрылуы уәкілетті органға, облыстар мен қалалардың әкімияттарымен неғұрлым жедел жұмыс істеуіне мүмкіндік береді, бұл мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен жүргізу тәртібін күшейтуге, жіберілген тәртіп бұзушылықтар үшін жауапкершілікті арттыруға және жедел ден қоюға ықпал е т е д і .

Есептіліктің жаңа нысаны мен бар ақпараттар негізінде уәкілетті орган бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің паспортын әзірлейтін болады, онда тұрақты жүйелік талдау негізінде уәкілетті органның тарапынан кейінгі консультациялар үшін негізгі проблемалар мен жіберілетін қателерді белгілей отырып, мемлекеттік сатып алу саласында олардың қызметінің нәтижелері көрсетілетін болады.

5.4. Мемлекеттік сатып алу саласындағы кадрларды даярлау

Жергілікті жерлердегі мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің қателері мен бұзылуының елеулі бөлігіне заңнаманы нашар білу және/немесе оны практикада дұрыс қолданбау себебінен жол берілгендіктен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырумен және жүргізумен тікелей айналысатын мемлекеттік мекемелердегі мамандардың біліктілік деңгейін көтеру үшін уәкілетті орган оқытатын семинарлар мен курстар ұйымдастыратын болады. Сонымен қатар конкурстардың тапсырыс берушілері мен ұйымдастырушыларының конкурстық комиссияларының мүшелерін аттестаттау қажет. Сатып алудың тәсілін және конкурстың рәсімдерін таңдаудағы неғұрлым жиі туындайтын проблемалар бойынша оқулықтар шығаруды ұйымдастыру жоспарланып о т ы р .

Таяу арада мемлекеттік сатып алу мәселелерімен айналысатын конкурстық комиссиялардың мүшелері мен мамандандырылған құрылымдардың қызметкерлері үшін оқуды ұйымдастыру, ал перспективада мемлекеттік кәсіпорындар мен акциялардың бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдарға мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануға байланысты осы салада мамандар даярлау жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүргізу туралы мәселені пысықтау қажет.

Бүгінгі таңда 39 республикалық және 16 жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бар. Егер әрбір орталық атқарушы органда кемінде 3 маманнан оқыту және аттестаттау қажет болса, онда конкурстық комиссиялар мүшелерінің біліктілік жағдайы аса қиын болып табылатын әрбір облыстық әкімиятта, Алматы мен Астана қалаларында әр түрлі құрылымдық бөлімшелерден 10 маманнан оқыту және аттестаттау қажет болады, ал осындай жұмыстарды әрбір аудандық әкімиятта кемінде е кі м а м а н н а н жү р г і з у қ а ж е т .

Осылайша, мемлекеттік сатып алу саласында мамандардың ең аз саны (мемлекеттік кәсіпорындар мен акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдарды қоспағанда) оларды оқыту, біліктілігін көтеру және аттестациялау қажет болатын, бір жылдың ішінде 600 адамнан кем болмайды.

5.5. Мемлекеттік сатып алу саласында электрондық аукциондар мен тендерлерді енгізу

Бизнесті электронды жүргізуді, электрондық сауданы, электрондық қаржыларды дамыту дүниежүзілік экономика қозғалысының басты бағыттарының бірі болып табылады. Мемлекеттік сатып алу мониторингінің автоматтандырылған жүйесін енгізу мемлекеттік сатып алу үшін электрондық саудалар жүйесін құру жөніндегі қадамдардың бірі болып табылады. Конкурстық негізде жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алу саласында электрондық аукциондар мен тендерлер тетігін енгізу перспективада қағаздық құжат айналымының елеулі қысқаруына әкеп соқтырады, сатып алу процесін неғұрлым транспарентті және ашық етеді. 2001-2002 жылдары осы іс-шараларды іске асыру үшін "Мемлекеттік сатып алудың электрондық агенттігі" Web-сайтын әзірлеу және іске қосу қажет.

6. Бағдарламаны қаржыландыру

Бағдарламаның іс-шараларын қаржыландыруды бұл мақсаттарға республикалық және жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат, сондай-ақ, олармен келісім бойынша, оны іске асыруға қатысқан мемлекеттік кәсіпорындар мен акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың қаражаты есебінен және шегінде жүзеге асыру болжанып отыр. "2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Z000131_ Заңына сәйкес 33 "Мемлекеттік сатып алудың мониторингін жүргізу және ақпараттық қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша мемлекеттік сатып алу мониторингінің автоматтандырылған жүйесін енгізу үшін 10 млн. теңге мөлшерінде қаржыландыру көзделген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 мамырдағы N 674 P010674_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастырудың және дамытудың 2001-2003 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарымен "Электрондық коммерцияны, аукциондар мен тендерлерді енгізу" кіші бағдарламасын іске асыру үшін 70 млн. теңге, оның ішінде "Мемлекеттік сатып алудың электрондық агенттігі" Web-сайтын құру үшін 10 млн. теңге мөлшерінде бюджет қаражатын бөлу көзделген.

"Республикалық деңгейде кадрларды даярлау мен қайта даярлау" бағдарламасы бойынша 600 адамды оқыту үшін 2002 жылға 7983 мың теңге бөлу жоспарланып отыр. Алдағы уақытта мемлекеттік сатып алумен айналысатын кадрларды даярлау мен қайта даярлауға жыл сайын бюджет қаражаттарын бөлуді көздеу қажет.

Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерін (64 адам) құру үшін:

жабдықтау үшін - бір жолғы 33 млн. теңге;

ұстау үшін - жыл сайын 17 млн. теңге.

Қаржыландыру мөлшері тиісті жылға арналған бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Осы Бағдарламада белгіленген мемлекеттік сатып алу жүйесін дамыту жөніндегі барлық іс-шараларды іске асыру:

бюджеттің шығыс бөлігін жоспарлаудың және жалпы басқарудың тиімділігін арттыруға;

жылына сатып алатын тауарлар, жұмыстар және қызмет көрсетулер көлемінен 5-10% шеңберінде мемлекет қаражатын үнемдеуді қамтамасыз етуге;

мемлекеттік сатып алу процесінде сыбайлас жемқорлық әрекеттердің деңгейін төмендетуге;

мемлекеттік сатып алу процесінің анықтығын және транспаренттігін арттыруға;

мемлекеттік сатып алу саласындағы мамандардың біліктілік деңгейін көтеруге мүмкіндік береді.

8. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Рет! т.N!	№Ис-шаралар атауы !	Аяқталу нысаны !жауаптылар !	Орындалуына!	Орындау мерзімі
--------------	------------------------	---------------------------------	--------------	-----------------

1	2	3	4	5
---	---	---	---	---

1	Мемлекеттік сатып алу туралы нормативтік құқық. кесімдерді "Мемлекет. тік сатып алу туралы" Заңның және құқық бұзушылық туралы	Нормативтік құқықтық кесімдердің жобалары	ҚМ МСК	"Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңды және "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске толықты.
---	--	---	--------	---

кодекске толықтырулар
енгізу туралы" Заңның
жаңа редакцияларына
сәйкес келтіру

рулар енгізу
туралы" Заңды
қабылданғаннан
кейін бір ай

мерзімде

-
- 2 "Келісім-шарттық брокер. Үкіметке ҚМ МСК, 2004 жыл ішінде
лер" (шенеуніктер) ақпарат ЭСМ
институтын енгізу мүм.
кіндігін зерделеу
-
- 3 "Мемлекеттік сатып алу. Үкіметке ҚарМ, ТКМ 2002 жыл ішінде
дың электрондық ақпарат
агенттігі" Web-сайтын
ашу
-
- 4 Мемлекеттік сатып алу Нормативтік ҚМ МСК, ТКМ 2003 жыл ішінде
саласына электрондық құқықтық
сауда енгізу үшін норма. кесімдердің
тивтік құқықтық кесімдер. жобалары
дің жобаларын әзірлеу
-
- 5 1) бюджеттік бағдарлама. Жылдық есеп ҚМ МСК тұрақты
лар әкімшілерінің; құрамындағы
2) отандық тауар өндіру. ақпарат
шілер - ықтимал өнім
берушілердің;
3) сенімсіз (теріс
пиғылды) берушілердің
(мердігерлердің);
4) конкурстардың дерек.
қорын құру және жүргізу.
-
- 6 Бюджеттік бағдарламалар Жылдық есеп ҚМ МСК тұрақты
әкімшілерінің паспортын құрамындағы
әзірлеу және енгізу ақпарат
-
- 7 Мемлекеттік сатып алу Үкіметке Қаржымині, 2002 жыл ішінде
процесін үйлестіруге ақпарат жергілікті

және оның мониторингіне
жауапты уәкілетті орган.
ның құрылымын жетілдіру.
дің және аумақтық бөлім.
шелерді құру мүмкіндігі
туралы ұсыныстар дайындау

атқарушы
органдар

8 Мемлекеттік сатып алу мониторингінің автомат. тандырылған жүйесін құру және енгізу

Үкіметке ақпарат

Қаржымині 2002 жылғы желтоқсан

9 Мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша тап. сырыс берушілер мен ұйым. дастырушылардың конкурстық комиссияларының мүшелерін, оқытуды және аттестациялауды ұйымдастыру мен жүргізу

Семинарлар

ҚМ МСК тұрақты

10 Сатып алу тәсілі мәселесі мен конкурс рәсімі дерін таңдаудың неғұрлым жиі туындайтын проблемалары бойынша оқулықтар әзірлеу және шығару

Әдістемелік оқулықтар

ҚМ МСК 2002 жылғы 1-тоқсан

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК